

# Жаһандану және ел тағдыры



Заказ #0030

## Жаһандану сөзіне түсінік

Бұл сөз ағылшын тілінен **"global"** - "дүниежүзілік" деп аударылады, орыс тілінде **"глобализация"** деп айтылып жүр. Қазақ тілінде: **ғаламдану, жаһандасу, ғаламшарлану, әлемилену** дегенді де естиміз. Ал енді **ғаламдану – жаһандасу, ғаламшарлану** дегеніміздің ұғымдық-мағыналық жағын айтсақ, аты айтып тұрғандай, **ғаламдану** қандай да болсын үдерістің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мәдениет, өркениет немесе құрылық шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық, жұмыр жерлік, бүкіл әлемдік деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын танытатын ұғым. **Жаһандану** – үдеріс, орын алып отырған, әлі өз мәресіне жетпеген, аяқталмаған іс. **"Жаһандану"** бүкіл жер жүзінде жайылу, таралу деген мағынаны да, әлемдік елдердің біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру екпініне ілесу дегенді де білдіреді



# Жаһанданудың жақсы және жаман жақтары



Жаһандану адамзат қоғамына ғылыми-техникалық, экономикалық жетістіктерді берді

Ұлттық-құндылықтар мен идеологияның ұмытылуы

Әлемнің бір түкпірінде ашылған ғылыми жаңалық интернет арқылы сол сәтінде жер жүзіне тарап, жалпы адам баласының игілігіне айналады

Тілдік қауып-қатер

мәдениеттердің теңдігіне негізделген плюрализм мен әріптестік, диалог болып табылады

Батыс еліне еліктеу

Ұлт-аралық бірлік

Ұлттық болмыстың жойылуы

Жаһандану - адамзатпен бірге келе жатқан үрдіс. Айтылуы, аталуы жаңаша болып көрінгенімен, оның түп тамыры ежелгі тарих қойнауында жатқандығын байқауға болады. Кезінде Шыңғыс хан, Атилла (Еділ), Македониялық Ескендір деген тарихи тұлғалар жердүниенің бәрін жаулап алып, өз үстемдігін жүргізіп, ортақ тілді, құндылықтарды әлемге таратпақшы болған. Демек, жаһандану тарихта бұрын да көрініс тапқан.



- ▶ Әділетті әлем үшін халықаралық қоғамының төрағасы, белгі-лі малайзиялық қоғам қайраткері және саясаттанушы Чандра Мұзаффардың айтуынша, «жаһандану адамзаттың алдына қойылған ең салмақты талаптардың бірі болуы мүмкін». Шындығында, үшінші мыңжылдықтың басында мұсылман әлемі дәл осы жаһандану үдерістерінің ықпалынан туындаған түбегейлі өзгерістердің белдеуінде тұр. Оның қазіргі кезеңінде қатынастарының жаңа құралдары саласындағы технологиялық прогрестің нәтижесінде мүмкін болған халықаралық исламдық ұйымдардың әрекетінің едәуір кеңеюі етек алуда. Бұрын тек жергілікті қауымдарға ғана бағдарланған көптеген діни орталықтар мен қозғалыстар жаһандық деңгейге шыға отырып, өз мүмкіндіктерін кеңейтті. ХХ ғасырдың соңғы ширегінде басталған бұл ірі ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мұсылман әлемі халықтарының қоғамдық өмірінде діннің рөлінің едәуір артуына әкелді және бұл қоғамның рухани өмірінде тікелей көрініс тапты.

A globe of the Earth is centered in the background. In the foreground, there is a group of colorful stick figures in various colors (blue, green, yellow, orange, red, purple) standing on a light-colored surface. The text is overlaid on the image in a green color.

Біздің ойымызша, жаһандану құбылысы да отаршылдықтың бүгінгі заманда өңін айналдырған, жетілдірілген бір түрі екендігін біз толық сезіне алмай жүрген сияқтымыз. Саяси отаршылдық болмаса да, рухани отаршылдықтың, сырттың мәдени экспанциясының дүбірі құлағымызда, жаңғырығы санамызда. Саяси отаршылдық ұлтшылдықты тудырғаны мәлім. Алаш қайраткері Міржақып Дулатов: «Бізді ұлтшыл қылған - кемдікте, қорлықта жүргеніміз, көрінгеннен соққы жегеніміз еді» депті. Қазіргі кезеңде бізді елшіл, отаншыл ететін осы жаһандануға деген рухани қарсылық болса керек. Өйткені жаһанданудың шынайы сипаты, ақиқат бейнесі - мәдени-рухани отаршылдық. Мұндай отаршылдық та, әлбетте, өзінің болмысы мен бағытына сәйкес қарсылық тудырмақ. Біздің ойымызша, оған қарсы тұрарлық құбылыстың аты - бүгінде елшілдік, мемлекетшілдік. Мемлекетшілдік, елшілдік - жалаң ұраннан емес, ұлттың мақтанышы боларлық бүгінгі ұрпақтың қарекетінен, тіпті өз елімізде ойлап табылған немесе жасалған ұсақ заттардан да аңғарылмақ. Ұлттық мақтаныштың кешегі тарихи тұғырларымен бірге бүгінгі тіректері де болуы шарт. Санамызды, мәдени келбетімізді қалыптастыруға тікелей әсер ететін көшеден, теледидардан күнделікті сан мың рет көретін өзге тілдердегі шетелдік жарнамалар, телехабарлар, фильмдер, жаңалықтар, т.с.с. әуелгі ұлттық келбетімізді өзгертуде. Біз оларды қазақша емес, сол тілдердің ұғымдары арқылы қабылдаудамыз. Яғни біздің санамызға басқалардың көзқарасы, бағасы, талғамы таңылуда. Бұл жаһанданудың бүгінгі күндегі ғаламдық эстетиканы қалыптастыруының көрінісі.